

Басқарманың 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 55-22
хаттамасына № 6 қосымша

Бекітілген:
«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ
Басқармасының
2022 жылғы «26» желтоқсандағы
№ 55-22

**«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік
объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық
қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт**

Астана, 2022 жыл

Ж О	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	1-бет
----------------	---	--------------

Мазмұны:

1. Құжаттың мақсаты	4
2. Қолданылу саласы.....	4
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	
3.1 Терминдер мен анықтамалар.....	4
3.2 Қабылданған қысқартулар.....	5
4. Нормативтік құқықтық сілтемелер.....	5
5. Қызметтің сипаттамасы.....	5
6. Бақылау санаттары	7
7. Жұмыскермен әңгімелесу жүргізу тәртібі.....	10
8. Аудит нәтижелерін ресімдеу	12
9. Деректерді өңдеу және аудит нәтижелерін талдау.....	12
10. Түзету шаралары.....	16
11. Жазбаларды тіркеу, есепке алу және сақтау	16
12. Жауапкершілік.....	16
13. Қорытынды ережелер.....	17
1-қосымша. Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитін жүргізу кестесінің нысаны.....	18
2-қосымша. Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитінің нәтижелері бойынша есеп нысаны.....	19
3-қосымша. Қауіптілік көрсеткішінің өзгеруін есептеу үлгісі №.....	21
4-қосымша. ҚМҚА-ны өткізу тәртібінің блок-схемасы.....	22

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	2-бет
----	--	-------

**«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның
өндірістік объектілерінде және еншілес
ұйымдарда қауіпсіздіктің мінез-құлық
аудитін жүргізу жөніндегі стандарт
туралы ақпарат**

Құжат қызметінің функционалдык саласы	Құжаттамалық қамтамасыз ету
Құжаттың мақсаты	Өндірістік жарақаттануды, аварияларды, өрттерді және кәсіптік ауруларды болдырмау, персоналдың ақпараттылығын және «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ және еншілес ұйымдар жұмыскерлерінің, мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің өндірістік қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру
Әзірлеуші	Жобалық офис
Оның орнына енгізілген	-
Қолданысқа енгізілген күні	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Басқармасы құжатты бекіту туралы шешім қабылдаған күннен бастап
Жарамдылық мерзімі	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Басқармасы қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдағанға дейін
Түпнұсқаның орналасқан жері	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Басқарма отырысының хаттамасына қосымша, электрондық құжат айналымы жүйесінің ІНК электрондық базасындағы сканерленген нұсқасы

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	3-бет
-----------	---	--------------

1. Құжаттың мақсаты

– «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитін жүргізу жөніндегі стандарттың (бұдан әрі – Стандарт) негізгі мақсаты – қауіпті іс-әрекеттер мен қауіпті жағдайларды анықтауға, олардың алдын алуға және болдырмауға, жоғары басшылықтың және барлық деңгейдегі басшылардың уәждемесін күшейтуге және бейімділігін арттыруға бағытталған қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитін жүргізу тәртібін айқындау.

2. Қолданылу саласы

1. Қолданылу саласы – осы Стандарттың талаптары Қоғамның және ЕҰ-ның жұмыскерлеріне, сондай-ақ Қоғамның және ЕҰ-ның өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне арналған өндірістік сипаттағы барлық жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге қолданылады.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3.1. Терминдер мен анықтамалар

Осы Стандартта мынадай терминдер және оларға сәйкес келетін анықтамалар пайдаланылды:

Қоғам – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы;

Еншілес ұйым – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50% және одан көбі меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар;

Қауіпсіз іс-әрекет – жұмыскердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмей не басқа оқиғаның туындауына, оларға қойылатын талаптарға сәйкес жұмыстар жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекет;

Қауіпсіз жағдай – жұмыс өндірісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін жұмыс орнының факторы;

Бақылау санаттары – жалпы белгісі бойынша біріктірілген аудит критерийлерінің жиынтығы.

Өндірістік қауіпсіздік мәдениеті – өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету басым мақсат және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсер ететін барлық жұмыстарды орындау кезінде жеке жауапкершілікті сезінуге және өзін-өзі бақылауға әкеп соғатын ішкі қажеттілік болып табылатын Қоғамның және ЕҰ-ның барлық жұмыскерлерінің біліктілік және психологиялық даярлығы;

Қауіпті әрекет – нәтижесінде жұмыскердің және айналасындағылардың денсаулығына зақым келу қаупі артатын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзу не басқа оқиғаның туындауы болып табылатын жұмыскердің әрекеті немесе әрекетсіздігі;

Қауіпті жағдай – бір немесе бірнеше жұмыскердің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен тікелей байланысты емес, егер оны жоймаса, оқиғаға немесе жарақатқа әкеп соғуы мүмкін жұмыс орнының факторы;

Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті – нақты жұмыскердің/жұмыскерлер тобының өндірістік тапсырманы орындауы кезінде олардың іс-қимылын бақылауға, олардың өндірістік тапсырманы орындау шарттарын бағалауға, сондай-ақ жұмыскер мен аудитор арасындағы кейінгі әңгімелесуге негізделген аудит түрі;

Жұмыскер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлға;

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	4-бет
----	--	-------

Өндірістік сипаттағы жұмыстар және/немесе қызметтер – жұмыстарды орындау және/немесе қызметтер көрсету барысында жекелеген операцияларды орындау, белгіленген технологиялық процестердің сақталуын бақылау, негізгі құралдарға жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсету, ақпараттық жүйелерді және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды/қызметтерді техникалық қолдау; өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалау және күрделі салу жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер; өндірістік мақсаттағы жылжымайтын мүлікті және өндіріс құралдарын (аспаптар, жабдықтар және т.б.) жалға алу; жүктерді тасымалдау және дайын өнімді жеткізу жөніндегі көлік қызметтері және өндірістік процесті тікелей қамтамасыз ететін басқа да осыған ұқсас жұмыстар мен қызметтер;

Қауіптілігі жоғары жұмыстар – орындау кезінде жұмыскерге не қауіпті өндірістік объектілердің техникалық құрылғыларына қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін, оның ішінде орындалатын жұмыстың сипатына байланысты емес, оларды басқару үшін тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау қажет жұмыстар;

Оқыс оқиға – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, технологиялық процесс режимінен ауытқу;

«Тұрақ-пункт» – ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзушылық (өндірістегі жазатайым оқиға, авария, апат) не көрінеу осындай зардаптарға нақты қауіп төндіруі мүмкін;

Жұмыс алаңы – Мердігер өндірістік сипаттағы жұмыстарды/қызметтерді жүргізетін/көрсететін акт бойынша Мердігерге берілген Қоғам немесе еншілес ұйым аумағының немесе үй-жайының аумағы/бөлігі.

3.2. Қысқартулар

ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
ЕҰ	Еншілес ұйым
ӨҚБЖ	Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі
ҚМҚА	Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті
ӨҚЖЕК	Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
СЕО-1	<u>СЕО-ға бағынатын жоғары буын жетекшісі (Chief Executive Officer - Қоғам Басқармасының төрағасы немесе ЕҰ-ның бас директоры)</u>
ЖҚҚ	Жеке қорғану құралдары
ҚР	Қазақстан Республикасы

4. Нормативтік құқықтық сілтемелер

Осы Стандартта мынадай нормативтік құқықтық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- 4.1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 4.2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 4.3. МЕМСТ 12.0.230.1-2015 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйелері. Қолдану жөніндегі нұсқаулық МЕМСТ 12.0.230-2007»;
- 4.4. ҚР ҚН 1.03-05-2011 «Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы».
- 4.5. **ҚР СТ 12.0.002-2016 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ұйымдардағы еңбекті қорғауды басқару жүйесі»**

5. Қызметтің сипаттамасы

5.1. ҚМҚА-ның мақсаттары:

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	5-бет
----	--	-------

- Өндірістік жарақаттануды, аварияларды, инциденттерді, өрттерді және кәсіптік ауруларды болдырмау;
- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы объектілердің жай-күйі туралы нақты ақпаратты қалыптастыру;
- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы персоналдың ақпараттылығын арттыру;
- Өндірістік қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру.

ҚМҚА-ның міндеттері:

- ӨҚБЖ жетілдіру бағытын анықтау;
- Жұмыскерді қауіпсіз еңбекке ынталандыру және өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау.

5.2. ҚМҚА **ЕҰ-да**, мердігерлік ұйымдарды қоса алғанда жүргізіледі. ҚМҚА-ны ішкі аудитпен және әкімшілік-өндірістік бақылаудың әртүрлі деңгейіндегі тексерулермен бірге жүргізуге жол беріледі.

5.2.1. ЕҰ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары ҚМҚА-ны жүзеге асыратын өздерінің құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері қатарынан адамдардың тізімін жасайды және бекітеді, сондай-ақ өздерінің құрылымдық бөлімшелерінде ҚМҚА-ны жүргізудің ай сайынғы кестелерін жасауға, ҚМҚА кестелерінің сақталуын бақылауға, жүргізілген ҚМҚА бойынша есептерді жинауға, талдауға, сондай-ақ жүргізілген ҚМҚА-ның нәтижелерін ЕҰ-ның ӨҚЖЕҚ қызметіне беруге жауапты хатшыларды тағайындайды.

5.2.2. ҚМҚА-ны жүргізуді жүзеге асыратын жауапты жұмыскерлердің тізімі ЕҰ құрылымдық бөлімшелерінің тұлғалар құрамы өзгерген кезде түзетіледі.

5.2.3. Әрбір жүргізілген ҚМҚА бойынша осы Стандарттың **2-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша есеп жасалады. Есепті аудитор 1-ші данада ресімдейді, оның түпнұсқасы ЕҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінде түзету іс-шараларының толтырылуын және орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін еншілес ұйымдардың ӨҚЖЕҚ қызметіне тапсырылады, Есептің көшірмесі түзету іс-әрекеттерін жедел іске асыру және ҚМҚА жүргізілген құрылымдық бөлімшеде ҚМҚА-ға талдау жүргізу мақсатында құрылымдық бөлімшенің басшысына беріледі.

5.2.4. ЕҰ құрылымдық бөлімшесінің басшысы жүргізілген ҚМҚА-ның нәтижелері бойынша ай сайынғы негізде ҚМҚА-ның нәтижелеріне талдау жүргізеді және түзету іс-шараларын орындайды және кейіннен ЕҰ бірінші басшысының немесе оның орынбасарының қатысуымен өтетін ӨҚЖЕҚ мәселелері жөніндегі кеңесте баяндама жасай отырып, ӨҚЖЕҚ-ның қызметіне ұсынады.

5.3. **Бастапқы (енгізілетін) кезеңде** ҚМҚА-ны жүргізу кезеңділігі:

- 1) Қоғамның (СЕО-1) жоғары басшылығы үшін – тоқсанына 1 рет;
 - 2) Қоғамның ӨҚЖЕҚ жауапты тұлғасы – 2 айда 1 реттен кем емес;
 - 3) ЕҰ жоғары басшылығы үшін – 2 айда 1 реттен кем емес;
- ЕҰ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары (учаске, цех және т.б. бастығы) айына кемінде 1 рет;
- 4) желілік басшылар (шебер, механик және т.б.) айына кемінде 4 рет.

5.3.1. Жабдықтар тұрақты орналастырылған ЕҰ үшін желілік басшылардың ҚМҚА-ны жүргізу мерзімдерін айына 1 ретке дейін қысқартуға жол беріледі.

5.3.2. Бір ҚМҚА-ның ұзақтығы 15-20 минуттан аспауы тиіс және өндірістің сипаты мен ерекшелігіне, жұмыскерлердің санына және орындалатын жұмыстың сипатына байланысты болады.

5.4. ҚМҚА-ның өткізу кестесін ЕҰ құрылымдық бөлімшесінің басшысы әзірлейді және бекітеді, ал көшірмесі ЕҰ ӨҚЖЕҚ-ның қызметіне беріледі.

5.5. ҚМҚА мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- а. ҚМҚА-ның өткізу уақытын **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша бекітілген кестеге сәйкес жоспарлау;

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	6-бет
----	--	-------

б. ҚМҚА-ның өткізілетін жерге бару және **6-бөлім** бойынша бақылау санаттарын пайдалана отырып, жұмыскерлерге бақылау жүргізу.

в. егер жұмыскерлер қауіпсіз жұмыс істеген жағдайда:

1) жұмыскердің қауіпсіз мінез-құлқы жөнінде түсініктеме беру, жұмыстардың қауіпсіз орындалуы үшін олардың тарапынан қабылданған күш-жігерді белгілеу;

2) қауіпсіздіктің өзге де мәселелерін талқылау, әлеуетті қауіптер мен оларды анықтау, алдын алу және болдырмау тәсілдерін айту;

3) жұмыскерлердің жұмыстарды қауіпсіз орындау жөніндегі ұсыныстарын тыңдау;

4) жұмыскерлерге уақыт бөлгені үшін алғыс айту.

г. егер жұмыскерлер жұмыстарды қауіпсіз орындамаған жағдайда:

1) егер шарттар/әрекеттер ағымдағы сәтте жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, онда жұмыстарды орындау процесін тоқтату;

2) жұмыскерлердің қауіпсіз мінез-құлқы жөнінде түсініктеме беру, жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін олардың тарапынан қабылданған күш-жігерді белгілеу;

3) жұмыскерлердің қауіпті әрекеттерін талқылау, олардың салдарына назар аудару, жұмысты қалай қауіпсіз орындауға болатынын сұрау;

4) жұмыскерлердің болашақта жұмысты қауіпсіз орындауға келісімін алу;

5) қауіпсіздіктің басқа да мәселелерін талқылауға, ықтимал қауіптер мен оларды анықтау, алдын алу және болдырмау тәсілдерін айтуға құқылы. Жұмыскерден жұмыстарды қауіпсіз орындау жөніндегі ұсыныстарды нақтылау;

б) жұмыскерге уақыт бөлгені үшін алғыс айту;

7) ескертулерді жою бойынша ұзақ мерзімді түзету әрекеттері болған кезде оларды учаскенің тікелей басшысымен немесе жұмыскерлермен талқылау ұсынылады.

5.6. ҚМҚА-ны жүргізу тәртібінің блок-схемасы **4-қосымшада** келтірілген.

5.7. ҚМҚА-ны жүргізу кезінде **7-бөлімде** келтірілген жұмыскермен әңгімелесу жүргізу әдістемесін пайдалану керек.

5.8. Әрбір ҚМҚА бойынша **8-бөлімге** сәйкес ҚМҚА-ның нәтижелері бойынша есеп жасалады. Егер ҚМҚА-ны аудиторлар тобы жүргізген жағдайда ҚМҚА-ның нәтижелері бойынша бір есеп жасалады. ҚМҚА-ның нәтижелері бойынша есепте барлық анықталған қауіпті жағдайлар/әрекеттер көрсетіледі.

5.9. ҚМҚА-ның нәтижелері бойынша есепте жұмыскердің шарттары/іс-әрекеттері жұмысты орындау процесін және кейінгі түзету іс-әрекеттерін дереу тоқтатуды талап ететін жағдайларды қоспағанда, аудит жүргізілген жұмыскерлердің аты-жөні көрсетілмейді.

5.10. ҚМҚА-ның нәтижелері бойынша жұмыскерді жазалауға жол берілмейді.

5.11. ҚМҚА өткізу үшін ЕҰ жұмыскерлеріне ЕҰ ӨҚЖЕҚ қызметтерінің күштері жүргізетін тиісті нұсқамадан және оқытудан өту қажет.

5.12. Мердігерлік ұйымдардың осы Стандарттың ережелерін таратуы және пайдалануы үшін ЕҰ қызметтерді/жұмыстарды сатып алу шарттарына «ӨҚЖЕҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың міндеттемелері» тармағын енгізісін. Міндеттемелер осы Стандарттың талаптарын қоса алғанда, ӨҚЖЕҚ және ҚОҚ саласындағы Қоғамның және ЕҰ-ның ішкі құжаттарын сақтау жөніндегі талаптарды қамтуға тиіс

5.13. ЕҰ ӨҚЖЕҚ қызметі қызметтерді/жұмыстарды көрсетуге/орындауға шарт жасасқаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде танысу үшін мердігер ұйымның атына осы Стандарттың көшірмесін жіберсін. Қажет болған жағдайда жауапты тұлғалармен және мердігер ұйымның басшысымен кездесу ұйымдастырылсын. Осы Стандарттың ережелерін нақтылау, түсіндіру және осы Стандарттың талаптары сақталмаған жағдайда мердігер ұйым қызметінің нәтижелері мен салдары туралы хабардар етсін.

6. Бақылау санаттары

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	7-бет
----	--	-------

6.1. Жұмыскерлердің іс-әрекеттері мен олардың жұмыс орындарындағы жағдайларға бағалау жүргізу, қауіпті жағдайларды/әрекеттерді идентификациялау үшін бақылаудың мынадай санаттары, сондай-ақ оларды бағалау өлшемшарттары айқындалған:

- «Жұмыскердің реакциясы»;
- «Жұмыскердің әрекеттері»;
- «Арнайы киім және ЖҚҚ»;
- «Құрал-жабдықтар»;
- «Нұсқаулар мен қағидаттар»;
- «Жұмыс орны»;
- «Көлік».

6.2. Бақылау санаттары және оларды бағалау өлшемшарттары (*1-кестені қараңыз*).

1-кесте. Бақылау санаттарының сипаттамасы

Бақылау санаты	Бағалау өлшемшарттары
«Жұмыскердің реакциясы»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмысты қайта реттейді. 2. Жағдайды өзгертеді. 3. ЖҚҚ ретке келтіреді. 4. Еңкейеді, жасырынады, кетеді. 5. Құралды өзгертеді немесе жасырады. 6. Қорғаныс құралдарын орнатады. 7. Жұмысын тоқтатады.
«Жұмыскердің әрекеттері»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыстарды орындау барысында алаңдайды. 2. Жаяу жүргенде аяғының астына қарамайды. 3. Баспалдақта тұтқаны ұстамайды. 4. Жұмысты орындау кезінде асығады. 5. Басқа жұмыскерлерге қауіп төндіреді. 6. Біңғайсыз/қауіпті қалыпта жұмыс істейді. 7. Өзін қауіптен қорғамайды: <ul style="list-style-type: none"> - қозғалатын заттар/көлік құралдары; - ыстық/суық қабаттар; - қауіпті заттар; - биіктік және құлайтын заттар; - электр тоғы; - жарықтың болмауы/жеткіліксіздігі.
«Арнайы киім және ЖҚҚ»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Арнайы киім мен ЖҚҚ орындалатын жұмыстың сипатына сәйкес келмейді. 2. Барлық қажетті ЖҚҚ жоқ. 3. Ақаулы (зақымданған) ЖҚҚ. 4. Жұмыскер берілген ЖҚҚ-ны дұрыс пайдаланбайды. 5. Ұжымдық қорғау құралдары пайдаланылмайды, ЖҚҚ қолданылмайды.
«Құрал-жабдықтар»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құрал мен жабдық орындалатын жұмыстардың сипатына сәйкес келмейді. 2. Қолдан жасалған құралдар мен жабдықтар бар. 3. Қауіпсіздік талаптарын бұзу үшін қолданылады. 4. Құралдар мен жабдықтар ақаулы, көрінетін зақымдануы бар, қажетті қорғаныс құралдары (қаптамалар, экрандар және т.б.) жоқ/алып тасталған.

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	8-бет
----	--	-------

«Нұсқаулар мен қағидаттар»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қолжетімді емес және/немесе жоқ. 2. Жұмыскерлерге түсініксіз. 3. Тиісті нұсқаулықтар мен қағидалардың талаптары сақталмайды
«Жұмыс орны»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бөгде заттар мен қоқыстарды үйіп тастау, қоқыстау. 2. Тайғақ еден. 3. Құрал-саймандар, жабдықтар мен материалдар қауіпсіз орналастырылмаған.
«Көлік»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік белдіктері жоқ, ақаулы немесе пайдаланылмайды. 2. Жүргізушінің жағдайы талаптарға сәйкес келмейді. 3. Қауіпті жүргізу стилі (күрт жылдамдату/тежеу, қауіпті маневр жасау, авариялық жағдай жасау). 4. Қозғалыс кезінде ұялы байланыс құралын пайдалану (күлаққап гарнитурасының болмауы). 5. Жол қозғалысы ережелерін сақтамау (Жылдамдық режимі, белгілер мен жол таңбаларын сақтамау). 6. Көлік құралының жай-күйі қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді.

6.3. Бақылау санаттары бойынша персоналдың іс-қимылына бағалау жүргізу тәртібі

6.3.1. «**Жұмыскердің реакциясы**» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде бақыланатын жұмыскердің бірінші реакциясын аудитор пайда болған сәттен бастап 10-30 секунд ішінде тіркеген жөн.

Бақылау кезінде жұмыскердің іс-қимылын белгілеу керек. Егер жұмыскерлер аудитор пайда болған кезде ЖҚҚ киіп, түзетсе, өз жағдайын өзгертсе немесе өз жұмысын қайта құрса, бұл жұмыскерлердің жұмыстарды орындау әдістерін білетіндігін, бірақ оларды мақсатты түрде сақтамайтындығын білдіреді.

6.3.2. «**Жұмыскердің іс-әрекеті**» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде жұмыскердің жарақат алу қаупіне душар болуы мүмкін іс-әрекеттері мен дене жағдайын бағалау керек. Жұмыскердің өзін қауіпті заттардан (мысалы, қозғалатын заттардың, қауіпті заттардың, электр тогының және т.б.) қорғайтынына назар аудару керек.

6.3.3. «**Арнайы киім және ЖҚҚ**» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай өлшемшарттарды пайдалана отырып, «басынан аяғына дейін тексеру» әдісін қолдану керек:

- жұмыс сипатына сәйкес келетін қажетті ЖҚҚ-ның болуы және қолданылуы;
- дұрыс пайдалану (мысалы, ЖҚҚ-ны ол арналған мақсатта ғана пайдалану);
- ЖҚҚ мен ұжымдық қорғану құралдарын тиісті жұмыс жағдайында қолдану және ұстау.

6.3.4. «**Құрал-сайман және жабдық**» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде керек:

- орындалатын жұмыстардың сипатына сәйкес келетін құралдарды, жабдықтарды, айлабұйымдарды пайдалану;
- қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарына сәйкес құрал-саймандарды, жабдықтарды, құрылғыларды пайдалану;
- құрал-саймандар, жабдықтар, құрылғылар жарамды және жұмыс істеу үшін қауіпсіз екеніне, сондай-ақ қостанайда жасалған құрал-саймандар мен жабдықтардың жоқтығына көз жеткізу.

6.3.5. «**Нұсқаулықтар мен қағидалар**» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде құралдардың орындалатын жұмысқа сәйкес келетінін, олардың қандай жағдайда екенін анықтау үшін жұмыскерге тікелей жақын болу ұсынылады. Жұмыскермен әңгімелесу

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	9-бет
----	--	-------

жүргізу және оның құрал мен жабдықты қалай пайдаланатынын: қауіпсіз немесе қауіпсіз екенін анықтау ұсынылады.

6.3.6. «Нұсқаулықтар мен қағидалар» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде нұсқаулықтар мен қағидалардың:

- жұмыс орнында қолжетімді;
- жұмыскерге түсінікті;
- жұмыскерлер жұмысты орындау кезінде ұстанадығына назар аударылуы керек.

Нұсқаулар мен ережелердің осы талаптарға сәйкестігі оларды пайдалану тиімділігі қамтамасыз етіле ме.

6.3.7. «Жұмыс орны» санаты бойынша байқауды жүзеге асыру кезінде өндірістік орта факторларының жай-күйіне назар аудару, жұмыс орнының бітелуі, ластануы, жұмыс аймағында және орын ауыстыру аймақтарында бөгде заттардың, тайғақ еденнің болуы фактілерін тіркеу, құралдар мен жабдықтардың орналасуының ұтымдылығы мен қауіпсіздігін бағалау қажет.

6.3.8. «Көлік» санаты бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде көлік құралдарында жүріп-тұру кезінде жұмыскерлердің қауіпсіздігін бағалау қажет. Қауіпсіздік белдіктерінің болуы, жарамдылығы және қолданылуы, көлік құралының жағдайына, жұмыскердің әрекеттеріне сәйкестігі (жүргізушінің жағдайы) сияқты жағдайларға талдау жасаңыз. жүргізу стилі, жол ережелерін сақтау және мобильді байланыс құралдарын пайдалану.

6.4. Егер жұмыскердің байқалған жағдайлары/әрекеттері қазіргі уақытта жұмыскердің және оның әріптестерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, қауіпті оқиғаның алдын алу үшін процесті тоқтатып, жұмыскердің жоғары басшылығына хабарлау керек.

6.5. Егер ҚМҚА нәтижелері бойынша есепте сипатталмаған қауіпті шарт/әрекет анықталған жағдайда, ол «басқалар» бөлімінде көрсетіледі.

7. Жұмыскермен әңгімелесу тәртібі

7.1. Жұмыскермен әңгімелесу ҚМҚА-ның міндетті құрамдас бөлігі болып табылады және бірнеше кезеңнен тұрады:

- дайындық;
- бақылау;
- диалог.

7.1.1. ҚМҚА жүргізуге дайындық кезінде алдын ала:

а) тапсырмаларды анықтау және таңдау үшін объектідегі, ұқсас өндірістердегі соңғы оқиғаларды және іске асыруда ҚМҚА-ның ең үлкен әсер етуі мүмкін тәуекелдерден қорғау үшін қабылданған шараларды талдау;

б) технологиялық процестің ерекшеліктерін, ондағы адамның орны мен рөлін егжей-тегжейлі зерттеу үшін ағымдағы өндірістік процестермен танысыңыз;

в) қауіпсіз жұмыс істеу үшін қажетті тиісті процедураларға, жүйелерге, стандарттарға, құзыреттерге талдау жасаңыз.

7.1.2. Бақылау келесідей жүзеге асырылады:

а) бұл жерге жақындап, сөйлесуге тура келетіндермен амандасу ұсынылады (психологиялық байланыс орнату – көрнекі, әңгіме бастау);

б) жұмыскерге жұмыскерлерді бақылау және олармен қарым-қатынас тек оның жеке қауіпсіздігі мен ЕҰ деңгейін арттыруға арналғанын түсіндіру ұсынылады;

в) келесі сұрақтарды талдай отырып, бақылау жүргізу ұсынылады:

1) Қандай қауіптер орындалатын жұмыс пен жағдайға байланысты?

2) Қандай қауіп көздері бар? Бұл қауіпті қалай жүзеге асыруға болады?

3) Қауіпті оқиғаның пайда болу қаупін немесе жарақат алу қаупін арттыратын адамдар не істейді?

4) Бұны жасау немесе жасамауды адамдарға не мотивация бола алады?

5) Жұмыскердің қауіпсіздік талаптарын орындауына не кедергі?

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	10-бет
----	--	--------

г) бақылау ұзақтығы жағдайға байланысты анықталады.

7.1.3. Диалог келесі ережелерді ескере отырып жүргізілуі керек:

а) әңгімені бастау үшін ашық сұрақ дайындау керек;

б) әңгімені қауіпсіз болған кезде бастау ұсынылады;

в) жұмыскерден технологиялық процесті тоқтатуға және одан кейінгі әңгімелесуге ыңғайлы уақыт екенін растау қажет;

г) әңгімелесу кезінде көру байланысын пайдалану, өзін таныстыру және жұмыскерді өзін таныстыру;

д) әңгімелесу өткізу кезінде жұмыскерге аты-жөні бойынша атау;;

е) ашық дене тілін қолдана отырып, құрметті және мейірімді үнмен сөйлеу (қолдарыңызды айқастырмау, бетіңізді сұхбаттасушыға бағыттаңыз және қарым-қатынас кезінде қолайлы және ыңғайлы қашықтықты сақтау);

ж) бақыланатын әрбір жұмыскердің ең болмағанда бір қауіпсіз жағдайын немесе қауіпсіз әрекетін белгілеу;

з) тәуекелдерді бағалау моделінің элементтеріне қатысты ашық сұрақтар қою («Қалай, не, қалай»... деген сөздерден бастап);

и) тек жауап беретін сұрақтар қою, риторикалық сұрақтар немесе жауап анық болатын сұрақтар қоймау;

л) тыңдау, жұмыскерге жауап беру үшін әрбір сұрақтан кейін үзіліс жасау;

м) жұмыскердің қалай сөйлегенін, не туралы айтқанын қарап, жауабын сөзбен растай отырып, түсінетінізді растау;

н) негізгі сұрақтың жауабы ашылғанға дейін сұрақ қоюды жалғастыра отырып, жұмыскердің жауаптарынан қисынды туындайтын өзара байланысты сұрақтарды қою;

п) мыналарды болдырмау керек:

1) қадағалаушы және елемейтін тон, айыптау;

2) жұмыскерге қатысты елемеу;

3) тек жабдықты және жұмыс ортасын бақылау.

7.2. Егер жұмыскер қауіпсіз жұмыс істесе, жұмыскер пайдаланатын қауіпсіз әдістерді мойындау және белгілеу керек:

- не байқалғанын сипаттау;

- жарақат алу қаупін қалай азайтатынын айту;

- бағалау туралы жеке мәлімдеме жасау;

- жұмыскерге алғыс айту.

7.3. Егер жұмыскер қауіпті әрекет жасаса:

- қауіпсіз жағдайларға/әрекеттерге түсініктеме беру, жұмыскердің қауіпсіздік талаптарына сәйкес қолданған күш-жігерін белгілеу;

- қауіптілігі байқалғанын сипаттау;

- іс-әрекеттің өзіне емес, қауіпті іс-әрекеттің салдарына назар аудару;

- «бұзушылық» деген сөзден аулақ болу;

- бұл жарақат алу қаупін қалай арттыратынын сұраған жөн және жұмыскерге осы жағдайға өз пікірін білдіруге мүмкіндік беру;

- тәуекелді төмендету жөніндегі іс-қимылдардың қажеттілігі туралы өзара келісімді белгілеу;

- жұмыстарды орындаудың баламалы қауіпсіз практикаларын сипаттау, түзету мен түзету әрекеттерін талқылау;

- жеке қауіпсіздік қажет: жұмыскерден кейіннен жұмыстарды орындаудың қауіпсіз практикасын пайдалану міндеттемесін қабылдауды, түзету әрекеттерін ескеруді сұрайды;

- түзету немесе түзету әрекеттері қалай қабылданатынын келісу керек.

7.4. Қауіпсіздік мәселелеріне бейілділікті нақты іс-қимылдармен нығайту керек.

7.5. ҚМҚА жүргізілгеннен кейін аудитор өзінің әрекеттерін талдауы тиіс:

- әңгіменің жұмыскерге қандай да бір әсері болды ма;

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	11-бет
----	--	--------

- шынымен де адал әңгіме болды ма;
- жұмыскер өзі ұшырайтын тәуекел дәрежесін бағалады ма;
- Жұмыскер мен аудитор арасында айқын келісімге қол жеткізілді ме;
- аудитор іс-әрекет жасады ма, сапалы кері байланысты қамтамасыз етті ме;
- не жақсы болды, не жасалды;
- келесі жолы не істеуге болады және оны қалай істеуге болады.

7.6. Қажет болған жағдайда жұмыскердің басшысымен кері байланысты қамтамасыз ету керек:

- бақыланатын жұмыскердің тапсырмасын орындаудың қауіпсіз әдістерін оның басшылығы алдында белгілеу;
- болашақта осындай жағдайда жағдайларды/әрекеттерді өзгертудің жұмыскермен келісілген қауіпсіз практикасы туралы басшыға кеңес беру.

8. Аудит нәтижелерін ресімдеу

8.1. ҚМҚА нәтижелері бойынша есеп мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- аудит жүргізілген күні, уақыты, ҚМҚА жүргізген аудитордың аты-жөні, және лауазымы, аудит жүргізілген бөлімше/учаске;
- орындалатын жұмыстың сипаты;
- бақылау санаттары;
- бақыланатын шарттар/әрекеттер бойынша аудитордың қысқаша түсініктемелері;
- кемшіліктерді түзету жөнінде қабылданған шаралар;
- басқасы.

8.2. ҚМҚА нәтижелері бойынша есеп **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

8.3. Жұмыскердің бақыланатын санаттар бойынша жағдайларының/іс-қимылдарының сипаттамасын екі көрсеткіштің біреуі бойынша сәйкестік тұрғысынан бағалау керек:

- «қауіпті» - байқалатын критерий (шарт/әрекет) ҚМҚА нәтижелері бойынша есепте бекітуге сәйкес келген, яғни қауіп төндіретін, қауіпті оқиғаның алғышарттарын туғызатын жағдайда;

- «қолданылмайды» - өлшемшарт (шарт/әрекет) байқалмаған/болмаған жағдайда.

8.4. Бақылау процесінде «Өзгелер» бөлімінде **6.5-тармақшаны** ескере отырып, аудитордың қалауы бойынша қажетті түсініктемелер тіркеледі.

8.5. Кемшіліктерді түзету бойынша қабылданған шаралар бөлімінде ҚМҚА-ның негізгі тұжырымдары оқиғаны болдырмау немесе жұмыстарды қауіпсіз орындауды көтермелеу үшін жоспарланған іс-қимылдар түрінде жауапты адамдар мен орындау мерзімдерін көрсете отырып тіркеледі. Ескертулерді жою бойынша ұзақ мерзімді түзету әрекеттерін қабылдау қажет болған кезде оларды жұмыскердің тікелей басшысымен талқылаған жөн.

8.6. ҚМҚА жүргізу кестесін және ҚМҚА нәтижелері бойынша есепті сақтау мерзімі 1 жылды құрайды.

9. Деректерді өңдеу және аудит нәтижелерін талдау

9.1. ҚМҚА-ны енгізу қауіпсіздік көрсеткіштерін, олардың өзгеруі мен түзету іс-шараларының тиімділігін бағалау мақсатында қауіпті іс-қимылдар мен қауіпті жағдайларға міндетті түрде талдау жүргізуді көздейді.

9.2. Жоғары басшылық және ЕҰ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары ай сайынғы негізде, ӨҚЖЕҚ бойынша өткізілетін апта сайынғы кеңестер шеңберінде талдау нәтижелерін талқылайды және ӨҚЖЕҚ басқару процесіне қандай өзгерістер енгізу керектігін шешеді.

9.3. ӨҚЖЕҚ қызметі ҚМҚА есептерінің негізінде ай сайын ҚМҚА нәтижелері бойынша жиынтық презентацияны қалыптастырады.

9.4. ҚМҚА нәтижелерін талдау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	12-бет
----	--	--------

- 1) бекітілген ҚМҚА-ны өткізу кестесінің сәйкестігі – жоспарланған ҚМҚА санымен салыстырғанда өткізілген ҚМҚА саны;
- 2) бақылау санаттары бойынша ең проблемалы аймақтарды анықтау;
- 3) түзету шараларын орындау;
- 4) қайталанатын сәйкессіздіктердің болуы;
- 5) ықтимал қауіпті жағдайлардың көрсеткіштері.

9.5. ҚМҚА нәтижелерін талдау осы Стандартқа №2 қосымшада көрсетілген қауіпсіздіктің негізгі көрсеткіштері бойынша ай сайын жүргізіледі.

9.6. ҚМҚА нәтижелерін талдау мысалы осы Стандартқа №3 қосымшада берілген.

9.7. Келесі:

– аудит кестесін орындау (Γ);

– ҚМҚА-ға қатыспайтын немесе жоспарланған ҚМҚА кестесін сақтамайтын басшылар саны ($N_{н.р.}$);

– жүргізілген бір аудиттің қауіптілік көрсеткіштерін (N_I) айқындау үшін ҚМҚА нәтижелері бойынша алынған деректерді өндірістік қауіпсіздік саласында уәкілеттік берілген Қоғамның құрылымдық бөлімше, сондай-ақ ЕҰ-ның ӨҚЖЕК жөніндегі құрылымдық бөлімшелері тоқсанына кемінде 1 рет талдайды.

9.8. Аудит кестесінің орындалуы формула бойынша есептеледі

$$\Gamma = \frac{A_n}{A_{ж}} \cdot 100\%$$

мұндағы

A_n - жүргізілген аудиттер саны;

$A_{ж}$ - жоспарланған аудиттер саны.

Көрсеткіштің өсуі Қоғамда және ЕҰ-да ҚМҚА мәнінің жоғарылауын, ал төмендеуі - ҚМҚА процесіне жауапты тұлғалар мен ЕҰ басшыларының қатысуын жақсарту үшін түзету шараларының қажеттілігін көрсетеді.

9.9. ҚМҚА-ға қатыспайтын немесе жоспарланған ҚМҚА кестесін сақтамайтын басшылар саны келесі формула бойынша есептеледі:

$$N_{н.р.} = \frac{N_n}{N_y} \cdot 100\%$$

N_n – аудит жоспарын орындамаған басшылардың саны;

N_y - басшылардың жалпы саны.

Басшыларға ҚМҚА-ны өткізу процесіне басшылардың қатыспау себептерін жою үшін қажетті түзету шараларын қолданған жөн.

9.10. жүргізілген бір аудиттің қауіптілік көрсеткіштерін (N_I)

Көрсеткіш бақыланатын санаттардың 40 өлшемшарт бойынша есептеледі:

- жұмыскердің/жұмысшылардың реакциясы – жеті өлшемшарт;
- арнайы киім және ЖҚК – бес өлшемшарт;
- құралдар мен жабдықтар – төрт өлшемшарт;
- нұсқаулар мен қағидалар – үш өлшемшарт;
- жұмыс орны – үш өлшемшарт;
- көлік – алты өлшемшарт;
- Көрсеткіш формула бойынша есептеледі

$$N_I = \frac{K_0}{40 - K_H} \cdot 100\%$$

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	13-бет
----	--	--------

мұндағы

K_0 – «қауіпті» көрсеткішімен анықталған өлшемшарттар саны;

K_H – «қолданылмайды» көрсеткішімен анықталған өлшемшарттар саны.

9.11. Таңдалған (I-ші) уақыт аралығында жүргізілген барлық аудиттердің қауіптілік көрсеткіші (N_0) формула бойынша есептеледі

$$N_0 = \frac{\sum N_I}{A_I}$$

мұндағы N_I - жүргізілген бір аудиттің нәтижелері бойынша қауіптілік көрсеткіші;

A - таңдалған (*i-ші*) уақыт аралығында жүргізілген аудиттердің жалпы саны.

9.12. Алынған нәтижелер негізінде есепті кезең ішінде N_0 өзгерісін көрсететін кестені құру керек.

9.13. Таңдалған уақыт аралығындағы (бір тоқсан) N_0 қауіп көрсеткішінің өзгеруін есептеу мысалы *3-қосымшада келтірілген*.

9.14. N_0 көрсеткішінің мәндерінің өзгеруін аналитикалық бағалау үшін бақыланатын санаттардың әрқайсысы үшін N_0 көрсеткішінің мәндерін көрсететін «жапырақты» диаграмманы құру ұсынылады.

Құру үшін формула бойынша бақыланатын санаттардың әрқайсысы үшін N_{ion} -ды есептеу керек

$$N_{ion} = \frac{K_{ion}}{n - K_{inn}} \cdot 100\%$$

мұндағы N_{ion} - жүргізілген бір аудиттің нәтижелері бойынша байқалатын санаттың қауіптілік көрсеткіші;

i - санаттың реттік нөмірі;

n - санат өлшемшарттарының саны;

K_{ion} – «қауіпті» көрсеткіштері бар анықталған санат өлшемшарттарының саны;

$K_{inn} n$ – «қолданылмайды» көрсеткіші бар анықталған санат өлшемшарттарының саны.

мәндері әр санат үшін әр түрлі:

- жұмыскердің/жұмыскерлердің реакциясы – жеті;
- жұмыскердің/жұмыскерлердің іс-әрекеттері – он екі;
- арнайы киім және ЖҚҚ – бес;
- құралдар мен жабдықтар – төрт;
- нұсқаулар мен қағидалар – үш;
- жұмыс орны - үш;
- көлік - алты.

9.15. Бақылаудың әрбір санаты бойынша бөлімшеде N_0 көрсеткішінің мәндерінің өзгеруін бағалау үшін кез келген қажетті кезең үшін келесі формула бойынша әрбір санат үшін бөлімшенің барлық тексерілетін жұмыскерлері бойынша оның орташа мәнін табу қажет:

$$N_{ionl} = \frac{\sum_{i=1}^l N_{ion}}{l}$$

мұндағы

N_{ionl} – бөлімше жұмыскерлерімен жүргізілген барлық аудиттердің нәтижелері бойынша байқалатын санаттың қауіптілік көрсеткіші;

N_{ion} – бір жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша байқалатын санаттың қауіптілік көрсеткіші;

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	14-бет
----	--	--------


I – санаттың реттік нөмірі;

I- есепті кезеңде бөлімше жұмыскерлерімен жүргізілген аудиттер саны.

Алынған мәліметтерге сәйкес (*мысал үшін 2-кестені қара*) есепті кезеңдегі бөлімше деңгейінде N_{ionl} өзгерісінің «жапырақты» диаграммасын құру (есептеу және құру мысалын *2-суреттен қара*) қажет.

2-кесте Диаграмма құруға арналған көрсеткіштердің нәтижелері

Кезең	Жұмыскердің әрекеттері	Арнайы киім және ЖҚҚ	Құрал мен жабдық	Нұсқаулар мен қағидалар	Жұмыс орны	Көлік	Жұмыскердің реакциясы
қаңтар	1	2	3	4	5	6	7
ақпан	2	3	4	5	6	7	8
наурыз	3	4	5	6	7	8	9



2-сурет - Бір тоқсан ішінде бөлімшенің N_{ionl} өзгеруін құру мысалы

9.16. Диаграммадағы N_{ionl} қиылысу аймақтары салыстырмалы шамаларда басым болатын және ықтимал қауіпті оқиғалардың алдын алу үшін басшылық тарапынан назар аударуды және шешімдерді қабылдауды қажет ететін «қауіпті» көрсеткіштері бар өлшемшарттардың санаттарын, жиілігін көрсетеді.

9.17. ҚМҚА-ны енгізу процесінде ЕҰ-ның нақты бір құрылымдық бөлімшесінің «дабыл аймағын» анықтау қажет. «Дабыл аймағы» таңдалған кезең үшін қауіптілік көрсеткішінің мәндерінің жиналған статистикасы негізінде құрылады және бақылау категорияларын білдіретін график осьтерінде кескіндер түрінде көрсетіледі. Аудит жүргізу қорытындылары бойынша белгіленген «дабыл аймағының» есептік аймақпен қиылысуы оқиғаға алғышарттардың болуы туралы дабыл болуы мүмкін. «Дабыл аймағы» нақты объект үшін жарақаттану жөніндегі ағымдағы жағдайды негізге **ала отырып** ЕҰ-ның өндірістік қауіпсіздік жөніндегі маманмен келісім бойынша ЕҰ құрылымдық бөлімшесімен, цехпен, учаскесінің басшысымен айқындалады.

Бұл ретте Қоғам мен ЕҰ әртүрлі бизнес-процестерде өз қызметін жүзеге асыру процесінде «нөлдік дабыл аймағына» қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	15-бет
----	--	--------

9.18. Деректерді өңдеу нәтижелері - өндірістік қауіпсіздік мәдениетінің ағымдағы деңгейі кезінде бақылау санаттарының қайсысына басымдық берген жөн. Осы нәтижелердің негізінде сүйене отырып, санаттар бойынша бұзушылықтар санын азайту үшін өндірістік қауіпсіздік шараларын жоспарлау және БПБЖ-да тәуекелдерді басқару қажет.

9.19. Алынған ҚМҚА деректерін талдау нәтижелері Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология жөніндегі жиынтық мониторингтік есепке енгізіледі және тоқсан сайын Қоғам Басқармасының қарауына ұсынылады.

10. Түзету шаралары

10.1. ҚМҚА өткізілгеннен кейін ҚМҚА өткізілген ЕҰ-ның аудиторы, құрылымдық бөлімшесінің басшысы ӨҚЖЕҚ қызметімен бірлесіп, түзету іс-шараларын әзірлейді және ӨҚЖЕҚ-ны жақсарту бойынша мерзімдер мен жауапты тұлғаларды белгілейді.

10.2. Есепті айдың соңында ҚМҚА нәтижелеріне жүргізілген жиынтық талдау қорытындылары бойынша ЕҰ-ның бірінші басшысы не оның орынбасары ЕҰ-дағы ӨҚЖЕҚ қызметі ұсынатын түзету іс-шараларын қарайды.

10.3. Түзету шаралары қажетсіз оқиғаларға немесе жұмыскердің жарақатына әкелуі мүмкін негізгі себепті немесе оқиғаны жоя отырып, анықталған мәселені жүйелі түрде шешуге бағытталуы тиіс.

10.4. Түзету шаралары тиімділік иерархиясын ұстануы керек:

- 1) қауіп көзін жою;
- 2) қауіп көзін оқшаулау;
- 3) қауіп көзіне қол жеткізуді шектеу.

10.5. Қосымша түзету шаралары:

- 1) нұсқаулықтар мен қағидаларды әзірлеу;
- 2) оқыту және нұсқама беру;
- 3) ескерту белгілерін орнату;
- 4) қосымша ЖҚҚ ұсыну және т. б.

10.6. ҚМҚА өткізу нәтижесінде қосымша ресурстар бөлінбей жою мүмкін болмайтын сәйкессіздіктер анықталған жағдайда ЕҰ-ның құрылымдық бөлімшесінің басшысы ЕҰ-ның бірінші басшысының атына анықталған қауіпті жағдайдың немесе қауіпті ахуалды, қауіпті жағдайдың ықтимал салдарының әлеуетінің немесе оны жою жөніндегі ұсыныстың сипаттамасын қамтитын қызметтік жазбаны жолдайды.

11. Жазбаларды тіркеу, есепке алу және сақтау

Жазбаларды тіркеуді, есепке алуды және сақтауды ЕҰ-ның ІНҚ сәйкес ЕҰ-ның ӨҚЖЕҚ қызметі жүзеге асырады.

Мыналар:

- Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық аудитін жүргізу кестесі;
- Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық аудитінің нәтижелері туралы есеп;
- *№*қауіп көрсеткішінің өзгеруін есептеуді жатады.

12. Жауапкершілік

ЕҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

- осы Стандарттың ережелерін ЕҰ-да және мердігерлік ұйымдарда енгізу;
- осы Стандарттың ережелерін ұстану бойынша ЕҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерін оқытуды/таныстыруды ұйымдастыру;
- осы Стандарт талаптарының орындалуына аудиттер мен бақылау жүргізу; қажетті түзету шараларын қабылдау және олардың белгіленген мерзімдерде іске асырылуын бақылау;
- осы Стандарттың ережелерін Қоғамның және ЕҰ-ның аумағында және мүддесінде

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	16-бет
----	--	--------

жұмыстарды/қызметтерді орындайтын/көрсететін мердігерлік ұйымдардың ұстануын қамтамасыз ету.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Осы Ұсынымдардың күші Қоғамның және ЕҰ-ның өндірістік алаңының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қоғамның, ЕҰ-ның және мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың барлық жұмыскерлеріне қолданылады.

13.2. Осы Стандарт оны Қоғамның, ЕҰ-ның уәкілетті органы бекіткен күннен бастап қолданылады.

1-қосымша
Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық аудитін жүргізу кестесінің нысаны

Келісілді	Бекітемін			
_____	_____			
лауазымы	лауазымы			
Аты-жөні	Аты-жөні			
20 _жылғы «_» _____	20 _жылғы «_» _____			
Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық аудитін жүргізу кестесі				
№ ж.т.	Күні	Құрылымдық бөлімшенің/объектінің атауы	Аудитордың аты-жөні	Ескертпе

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	17-бет
-----------	---	---------------

Бөлімше:			Күні:		
Учаске:			Бақылаушылар, адам:		
Орындалатын жұмыс:			Уақыты:		
1. Жұмыскердің/жұмыскерлердің реакциясы					
	қауіпті	қолданылмайды		қауіпті	қолданылмайды
1.1 Жұмысты қайта құрады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	1.4 Қашқактайды, жасырынады, ерте кетеді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
1.2. Орнын өзгертеді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	1.5. Құралды ауыстырады немесе жасырады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
1.3. ЖҚҚ-ны ретке келтіреді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	1.6. Қорғаныс құрылғыларын орнатады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
			1.7. Жұмысын тоқтатады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2. Жұмыскердің/жұмыскерлердің іс-әрекеті					
	қауіпті	қолданылмайды		қауіпті	қолданылмайды
2.1. Жұмысты орындау барысында басқа нәрсеге ойын бөледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	Өзін қауіптен қорғамайды:	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.2. Жаяу жүргенде аяғының астына қарамайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	2.7. қозғалыстағы заттар/көлік құралдары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.3. Баспалдақпен қозғалғанда тұтқаны ұстамайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	2.8. ыстық/суық беттер	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.4. Жұмыстарды орындау кезінде асығыстықтың болуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	2.9. қауіпті заттар	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.5. Басқаларға қауіп төндіреді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	2.10. биіктігі, құлаған заттар	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.6. Қауіпті/ыңғайсыз жағдайда жұмыс істейді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	2.11. электр тогы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
			2.12. жарық жоқ/жеткіліксіз	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3. Арнайы киім және ЖҚҚ					
	қауіпті	қолданылмайды		қауіпті	қолданылмайды
3.1. Арнайы киім мен ЖҚҚ орындалатын жұмыстың сипатына сәйкес келмейді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	3.4. Жұмыскер берілген ЖҚҚ-ны дұрыс пайдаланбайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3.2. Барлық қажетті ЖҚҚ жоқ	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	3.5. ЖҚҚ қолданбайды, ұжымдық қорғау құралдарын пайдаланбайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3.3. Ақауы бар (көрінетін зақымдануы бар) ЖҚҚ қолданады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>			
4. Құралдар мен жабдықтар					
	қауіпті	қолданылмайды		қауіпті	қолданылмайды
4.1. Құрал мен жабдық орындалатын жұмыстардың сипатына сәйкес келмейді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	4.3 Талаптарға сәйкес қолданылмайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4.2. Қолдан жасалған құралдар мен жабдықтар бар	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	4.3. Құралдар мен жабдықтарда ақаулар, көрінетін зақымдар бар, қажетті қорғаныс құралдары жоқ (қаптамалар, экрандар және т. б.)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5. Нұсқаулар мен қағидалар					
	қауіпті	қолданылмайды		қауіпті	қолданылмайды
5.1. Қол жетімді емес	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	5.2. Тиісті нұсқаулықтар мен қағидалардың талаптары сақталмайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5.3. Персоналға түсініксіз	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>			
6. Жұмыс орны					
	қауіпті	қолданылмайды		қауіпті	қолданылмайды
6.1. Қоқыстар көп, үйіліп қалған, бөгде заттар бар	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	6.3 Құралдар, жабдықтар, материалдар ұтымсыз және қауіпті орналастырылған	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт				18-бет

6.2. Тайғақ еден	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>			
7. Көлік					
	қауіпті	қолданыл майды		қауіпті	қолданыл майды
7.1. Қауіпсіздік белдіктері жоқ, ақаулы немесе пайдаланылмаған	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	7.4. Қозғалыс кезінде ұялы байланыс құралдары қолданылады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7.2. Жүргізушінің жағдайы талаптарға сәйкес келмейді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	7.5. ЖЖҚ-ны сақтамау (жылдамдық, белгілер, таңбалар, қашықтық)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7.3. Қауіпті жүргізу стилі (жылдам от алдыру/тежеу)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	7.6. Көлік құралының жағдайы талаптарға сәйкес келмейді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Өзге де (көрсету):					
Сәйкессіздіктерді түзету бойынша қабылданған шаралар:					
Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық аудиті жүргізілді:					
Лауазымы -		қолы		Аты-жөні	
Лауазымы -		қолы		Аты-жөні	

N_0 қауіп көрсеткішінің өзгеруін есептеудің мысалы

1. Бастапқы деректер:
 - ҚМҚА-ны өткізу кезеңі: 1-тоқсан
 - тексерілген жұмыскерлер: қаңтар – 5, ақпан – 4, наурыз – 4.
2. ҚМҚА-ны жүргізу деректері мен есептеу нәтижелері 2-кестеде және 3-суретте келтірілген.

2-кесте. ҚМҚА-ны өткізу нәтижелері бойынша K_0 , K_n , N_1 , N_0 көрсеткіштерінің мәні

Жұмыс орнының №	K_0	K_n	N_1	N_0
Қаңтар				
Жұмыскер №1	3	2	8,1	7,86
Жұмыскер №2	5	1	13,1	
Жұмыскер №3	4	0	10,2	
Жұмыскер №4	2	0	5,1	
Жұмыскер №5	1	4	2,8	
Ақпан				
Жұмыскер №6	4	4	11,4	8,95
Жұмыскер №7	2	3	5,5	
Жұмыскер №8	4	2	10,8	
Жұмыскер №9	3	2	8,1	
Наурыз				
Жұмыскер №10	5	5	14,7	8,88
Жұмыскер №11	5	1	13,1	
Жұмыскер №12	1	1	2,6	
Жұмыскер №13	2	0	5,1	


1-тоқсандағы қауіптілік көрсеткішінің (N_0) өзгеру динамикасы



3-сурет. Есепті кезең ішінде өзгерістер кестесін құру (N_0)

ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	20-бет
----	--	--------

ҚМҚА-ны өткізу тәртібінің блок-схемасы



ЖО	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндірістік объектілерінде және еншілес ұйымдарда мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі стандарт	21-бет
----	--	--------